



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

PROCEEDINGS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

24 СӘУІР 2024

24 APRIL 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

Астана, 2024

Astana, 2024

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-337-997-5

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Мақыш С.Б.	- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
Бейсенбай А.Б.	- ф.ғ.к., филология факультетінің деканы
Акижанова Д.М.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі
Ескиндиrowa М.Ж.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Алшинбаева Ж.К.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Киманова Л.Б.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
Ныгманова Д.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
Акшулакова Б.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Варшава университеті Қолданбалы лингвистика институты (Варшава қ., Польша)
- Атылым университеті (Анкара қ., Түркия)
- Әзірбайжан тілдер университеті (Баку қ., Әзірбайжан)
- Қоқан мемлекеттік педагогикалық институты (Қоқан қ., Өзбекстан)

Partners of the International scientific and practical conference

- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Institute of Applied Linguistics of the University of Warsaw (Warsaw, Poland)
- Atylym University (Ankara, Turkey)
- Azerbaijan University of Languages (Baku, Azerbaijan)
- Kokand State Pedagogical Institute (Kokand, Uzbekistan)

Партнеры международной научно – практической конференции

- Люблянский университет (г.Любляна, Словения)
- Институт прикладной лингвистики Университета Варшава (г.Варшава, Польша)
- Университет Атылым (г.Анкара, Турция)
- Азербайджанский университет языков (г.Баку, Азербайджан)
- Кокандский государственный педагогический институт (г.Коканд, Узбекистан)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 312 – қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде

ISBN 978-601-337-997-5

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция барысында аударма, тіл және мәдениет, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация саласындағы зерттеулерді дамытуға байланысты маңызды мәселелер талқыланды. Конференция цифрлық дәуір жағдайында аударма және мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені ілгерілетуге ықпал ете отырып, халықаралық ғылыми және академиялық ынтымақтастықты, кәсіби байланыстарды орнату және нығайту мақсатында тәжірибе және білім алмасу үшін бірегей мүмкіндік берді.

Сборник материалов международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»** предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. В ходе конференции обсуждались важнейшие вопросы, связанные с развитием исследований в области перевода, языка и культуры, а также межкультурной коммуникации. Конференция предоставила уникальную возможность для обмена опытом и знаниями в целях установления и укрепления международного научного и академического сотрудничества, профессиональных контактов, способствуя продвижению научных исследований и практического опыта в области перевода и межкультурной коммуникации в условиях цифровой эпохи.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translation practitioners, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. During the conference, the most important issues related to the development of research in the field of translation, language and culture, as well as intercultural communication were discussed. The conference provided a unique opportunity for the exchange of experience and knowledge in order to establish and strengthen international scientific and academic cooperation, professional contacts, contributing to the promotion of scientific research and practical experience in the field of translation and intercultural communication in the digital age.

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2024

© L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2024

© Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2024

3. Хорохорин Л.Г. Некоторые замечания о многозначности и недифференцированности слов в двуязычных словарях// Тетради переводчика. - Вып. 2. - М.: Международные отношения, 1964. - С. 91-99.
4. Бархударов Л. С. Язык и перевод. -М.: МО. 1975

ҒТАХР 16.21.33

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ *WHITE* СӨЗІНЕ ҚАТЫСТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

А. Шмирова

Магистрант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, Астана, Қазақстан

ayaulym.shimirova@mail.ru

Түр-түс ежелгі уақыттан адам өмірінің ажырамас бір бөлігі іспеттес. Түстер арқылы адам қоршаған ортасымен танысып, байланыс орнатады. Әлемде кездесетін түстерді барлық адам бірдей көреді, дегенмен де олардың тілдегі сипаты әр халықта, әр мәдениетте әртүрлі берілуі мүмкін.

Түр-түс символикасының мәдениеттегі сипаты, оның тілдегі деңгейі әр тілде өзгеше болып келеді. Халық тілі, сол халықтың таным жүйесінің айнасы іспеттес, олардың ұлттық болмысын танытады. Осы орайда, В.Гумбольдтың «Тіл – адамзаттың бүтін болмысын және оның танымын танытатын рухани айнасы» деген пайымдауы [1] ойымызды нақтылай түседі. Бұл дегеніміз, тілді – жай ғана сөйлесу құралы емес, ұлттың мәдениет коды тәрізді қарастыру деп білеміз. Секілді – ауызекі с.т.

Когнитивті лингвистиканың өкілдері, «Егер әлем – адам мен оның қоршаған ортамен өзара іс- әрекеті болса, онда әлемнің тілдік бейнесі – адамның өмір сүріп жатқан ортасы мен қоғамындағы ақпараттарды қорытындылаудан туындайды» дейді [2].

Шетел және отандық тіл білімінде түр-түске қатысты тілдік бірліктер жан-жақты зерттеліп, көптеген еңбектер жарық көрді. Түр-түске қатысты бірліктердің лингвистикалық жағынан зерттелуіне байланысты А.Н.Кононовтың «Түркі тілдерінің түр-түстерінің семантикасы», М.Купер, А.Мэтьюздің «Түс тілдерін қалай түсінеміз»; Р.М. Фрумкинаның «Түс. Мағына. Ұқсастық» атты еңбектерін атап көрсетуге болады.

Қазақ тіліндегі түр-түстерге қатысты сөздер мен сөз тіркестері Ә.Қайдар, Б.Өмірбеков, З.Ахтамбердиева сынды ғалымдардың бастауымен жарық көрген «Сырға толы түр мен түс», «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» деген еңбектерінде кеңінен тарта түсіндіргенін көруге болады. Ғалымдар өз еңбектерінде түстерді тек физикалық тұрғысынан ғана сипаттап қоймай, сонымен қатар оған жүйелік құрылымды түрде тілдік талдау жасаған.

Сондай-ақ, А.Әбдірахманов, А.Махмутов, Е.Қойшыбаев сынды ғалымдардың еңбектерінде түр-түске қатысты тілдік бірліктердің топонимиялық атауларда кездесуін және тілде қалыптасуын, оның этимологиясын қарастырған. Ал, Ш.Жарқынбекованың «Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках» атты диссертациялық жұмысында орыс және қазақ тілдеріндегі түр-түсті сипаттайтын тіл бірліктерінің мәдени және жалпы белгілерін, лингвомәдени сипатын салғастыра қарастырған. Н.Н.Аитованың «Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы» атты еңбегінде түр-түске қатысты тіл бірліктері когнитивтік семантика тұрғысынан қаралған.

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі *white* сөзінің және онымен тіркесіп келген сөз тіркестерінің аудармада берілуі қарастырылмақ. Мақаладағы тілдік бірліктер Шарлотта Бронтең «Джейн Эйр» романынан іріктеліп алынды. Қазақ және ағылшын тіліндегі түр-түске қатысты тілдік бірліктердің салғастырмалы және аударматану тұрғысынан зерттелмеуі, аударма барысында кейбір түске қатысты бірліктердің бұрыс аударылуы не түсіріліп берілуі осы бағыттағы зерттеудің қажеттілігін және тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Қазіргі таңда түр-түсті атауларын зерттеудегі өзекті тәсілдердің бірі – лингвомәдениеттану. Ш.К.Жарқынбекованың «Қазақ және орыс лингвомәдениетіндегі түр-түс концепті» атты докторлық диссертациялық жұмысына сүйенсек, түр-түсті атаулары көп жағдайда коннотивті мағынада жүретіндіктен, халықтың тілдік бейнесінде сақталып қалған. Бұл өз кезегінде, белгілі бір ұжымда тілдік бейнеленген этникалық, мәдени негізінде түзілген түр-түс концептінің құралуына алып келеді [3].

Қазақ мәдениетінде «ақ» түс ең қасиетті де ардақты, қадірлі түстердің бірі болып саналады. Қазақ дүниетанымында өзге де мәдениеттер секілді пәктікті, ізгілікті, адамшылықты, адалдықты, шындықты, әулиелікті танытады [4].

Жоғарыда айтып өткеніміздей «ақ көңіл», «ақ пейіл», «ақ жарқын» «ақ бата» деген сөз тіркестері ізгі ниетті, адал көңілді білдірсе, «ақ босаға», «ақ неке», «ақ жсаулық» деген сөз тіркестерімен отбасы құрудың қадір-қасиетін көрсетеді. Ал «ақ шапанды қария», «ақ сақалды», «ақ сәлделі» деген сөз тіркестері киелілік пен қасиеттілік, сондай-ақ кәрілік деген ұғымдарды қамтиды.

Ағылшын тілінде де «white» сөзі ежелден-ақ ерекше түс болып саналған. Ағылшын мәдениетінде де бұл түс жақсылық, қуаныш, тазалық, денсаулық, ізгілік, бейбітшілік тәрізді бірқатар жақсы қасиеттерді білдіреді. Қазақ тіліне ұқсас ағылшын тілінде де пәктік пен тазалық мағынасында осы түстің қолдануын «as white as milk», «as white as wool», «white as wool», «as white as snow» сынды теңеулерден көруге болады. Жақсы ниетпен айтылған жалған сөз де «white lie», жақсы ниетпен жасалған сиқырда «white magic» «ақ» түсімен байланыстырылады.

Сондай-ақ ағылшын тілінде «ақ» түсімен қорқақтықты білдіретін тіркестер қатары бар. Мысалы: «to show the white feather» - қорқақтық таныту, өз қорқынышын көрсету, «as white as sheet» - бозарып кету, өңі қашу (қорыққаннан).

Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр» романы үздік шетелдік көркем әдебиеттерінің бірі. Романда негізгі үш түсі «ақ», «қара» және «қызыл» түстерінің қолдануы басым келеді. Мақалада «white» сөзіне қатысты тіркестерінің аудармалары талданбақ.

Романда «white» сөзімен жолдардың сипатталуы жиі кездеседі.

I traced the <i>white road</i> winding round the base of one mountain, and vanishing in a gorge between two; how I longed to follow it farther! [5; 1296]	Мен етектегі дөңнің белін кесіп өтіп, қасындағы келесі дөңнен қойнауына түсіп көрінбей кететін <i>ағараңдаған жолдарға</i> көз тіктім [6; 1036].
---	--

Көріп отырғанымыздай, мұндағы «white road» деген сөз тіркесі «ағараңдаған жолдар» деп берілген. Бұл ретте аудармашының *нақтылау* әдісін қолданғанын байқауға болады. Себебі, аудармашы қолданған «ағараңдау», «ағараңдаған» сөзі – бірден анық байқалмайтын, бірде ақ, бірде қылаң болып көзге шалынатын зат есімдерге қатысты қолданады [7]. Ал мәтіндегі «white road» сөз тіркесіне қатысты келесі жолдарда «vanishing», яғни «көзге көрінбейтін», «жоғалып кететін» деген сөзі келеді. Аудармашы эквивалентті аударма тәсілімен бергенде, көңілге қонымсыз «ақ жолдар» деп аударылар еді. Қазақ тілінде жолға қатысты сын есімдер оның жалпы сипатын көрсеткенімен («ирелең жол», «қиғаш жол», «тар жол», «кең жол»), халықтың ұғымында жолды түс сипатымен беру мүлдем басқа түсінікке алып келеді. Барлық халық мәдениетінде кездесетін «ақ» және «қара» түсінің мағынасына сай, қазақ тілінде де «ақ жол» - адал жол, игі жол деген мағынамен сәйкес келеді. Сондай-ақ, мәдениетімізде «ақ жол» тілегенде, ол жолаушыға оң сапар, игі жол тілегені деп түсінеміз [8]. Сондықтан да аудармашы қолданған «ағараңдаған жолдар» сөз тіркесін қолдануын өте сәтті шыққан аударма деп танымыз.

Келесі мысалдарда, «white» сөзімен келетін тіркестер адамның жағдайын, оның эмоционалдық жай-күйін сипаттайды.

You blushed, and now you <i>are white</i> ,	Қызарып кетіп едің, енді <i>жүзің қуаң</i>
---	--

Jane: what is that for?' [5; 394 б]	<i>тартты</i> . Саған не болды Джейн? [6; 317 б]
-------------------------------------	--

Берілген мысалдан көріп отырғанымыздай, «*to be white*» сөз тіркесімен ағылшын тілінде қорқыныштан түрі өзгеріп кеткен, *өңі қашқан, бозарып кеткен адамды* сипаттайды. Егерде бұл фразеологиялық тіркесті эквивалентті тәсілмен тура «*ақ болу*» деп аударсақ, түпнұсқадағы ойды аша алмасы анық. Тіпті, қазақ тілді оқырмандар үшін түсініксіз болып қалар еді. Себебі «*ақ болу*» деген сөз тіркесі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқында сауын малында кездесетін желін ауруының атауын білдіреді [7]. Дегенмен де, қазақ тілінде мұндай жағдайда қолданатын «*өңі бозарып кету*», «*өңі құп-қу болу*», «*жүзі қуаң тарту*» тәрізді тұрақты тіркестерінің қатары бар. Сондықтан да, «*to be white*» фразеологиялық тіркесінің тікелей баламасы болмағандықтан, аудармашының өз кезегінде қолданған «*жүзі қуаң тартты*» деген фразеологиялық аналогымен сөйлемдегі ойды өте сәтті жеткізе білуін дұрыс деп есептейміз.

Романның авторы Ш.Бронте өз еңбегінде кейіпкерлердің жағдай сипаттау үшін ағылшын тіліндегі «*to be white*» сөз тіркесінің синонимдері «*look white*», «*as white as clay or death*» деген сөз тіркестерін қолданған. Шығарманың аударма нұсқасында жоғарыда келтірілген сөз тіркестерінің қалай берілгенін қарастырып көрейік.

She <i>does look white</i> ,' said Hannah. 'As <i>white as clay or death</i> ,' was responded [5; 512 б].	- <i>Құп-қу болып кетіпті</i> , -деді Ханна - <i>Бор сияқты, өлімнің өзіндей аппақ</i> , - деп қостады байбатшы [6; 415 б].
--	--

Бірінші қатарда берілген «*She does look white*» сөйлемі «*Құп-қу болып кетіпті*» деп аудармасымен дәл берілген. Тіпті грамматикалық жағынан талдар болсақ, сөйлемдегі «*does*» сөзі күшейтпелі мағынада қолданылған. Теңеудің лексико - семантикалық аудару тәсілімен «*құп-қу*» деп, сын есімнің күшейтпелі формасында беру арқылы оқырмандарға түпнұсқадағыдай әсер қалдыра білген. Әйтсе де, жоғарыда берілген кейіпкерлер арасындағы диалогтың бірінші сөйлемі өте сәтті деп айтқанымызбен, сөйлемнің екінші қатары қате шыққан деуге болады. Егер де «*As white as clay or death*» теңеуін тура аударсақ, «*балшықтай не өлімдей ақ/аппақ*» болып шығар еді, әрине, бұрыс. Алайда аудармашы берген «*Бор сияқты, өлімнің өзіндей аппақ*» деген сөз тіркесі де көңілге қонымсыз, түпнұсқадағы сөйлемге сай келмейді де. Қазақ фразеологиялық сөз тіркестерінде бор сөзімен «*бордай тозу*», «*бордай егілу*», «*бордай үгілу*», «*бордай езілу*» секілді сөз тіркестерін кездестіруге болады, дегенмен де келтірілген сөз тіркестерінің ешқайсысы автор айтқысы келген ойға сай келмейді. Аудармашыға автор қолданған «*As white as clay or death*» тұрақты теңеуінің баламасына сай келетін «*қу [ақ] шүберектей бозару*», «*өліктей бозару*» тәрізді тұрақты теңеулерлерді қолдануға болар еді.

Дәл осындай бағытпен тағы да бір «*to turn white*» сөз тіркесінің аудармасын қарастырып көрелік.

His lips and cheeks <i>turned white—quite white</i> [5; 629б].	Оның екі беті мен еріндерінің қаны қашып, <i>бордай аппақ</i> болып кетті [6; 507б].
--	--

Романның осы жерінде автор басты кейіпкер Джейн Эйрдің жақын туысы Сент-Джон Риверспен болған диалог кезіндегі Сен Джон Риверстің жағдайын сипаттап тұр. Ол туыс қарындасы Джейн Эйрге үйленуге ұсыныс білдіргеннен кейін, қыздан нақты «жөк» деген жауап алады. Мұндай жауапты күтпеген Сент Джон Риверсті автор «*His lips and cheeks turned white—quite white*» деп сипаттайды. Автор бұл сипаттауды бермес бұрын, Ал аудармашы бұл қатарды тікелей аудару арқылы қазақ тіліне жат «*бордай аппақ*» деген сөз тіркесін қосқан. Берілген сөйлемдегі «*to turn white*» сөз тіркесінің тікелей аудармасы «*аққа айналу*»

немесе балама аудармасы «бозарып кету» болып табылады. Аудармашы қолданған сөз тіркесінің орнына, контекске қарай, түсіру тәсілін қолданып, «*боп-боз болып кетті*», «*бозарып кетті*» немесе «*сұрлану*», «*сұрланып кетті*» деген тіркестерді қолдануға болады. Мысалы: «*Оның өңі қашып, бет-алпеті боп-боз болып кетті*» немесе «*Оның өңі қашып, жүзі сұрланып кетті*».

Келесі қарастыратын сөзіміз «*dressed in white*» сөз тіркесі. Бұл тіркес романда үш рет кездесті.

'Something passed her, all dressed in white, and vanished' [5; 26 б]	«Тура қасында бір нәрсе болған, өңі қудай аппақ, сосын жоқ болып кеткен...» [6; 23 б]
Some of them were very tall; many were dressed in white [5; 259б];	Бірқатарының бойы өте ұзын секілді. Көпшілігінің көйлектері ақ түсті [6; 209 б]
...while Mrs. Dent and Louisa Eshton, dressed also in white, [5; 278 б]	Бұлар да ақ киімге оранып алған [6; 224 б].

Жоғарыда берілген сөйлемдерден байқағанымыздай, бір ғана «*dressed in white*» сөз тіркесі үш түрлі жолмен берілген. Екінші және үшінші сөйлемде түпнұсқадағы сөз тіркесті «*көйлектері ақ түсті*», «*ақ киімге оранып алған*» деп адамдардың ақ түсті киімде екенін көрсетіп, қазақ тілді оқырмандары үшін түсінікті, еш бұрмалаусыз дұрыс жеткізілген. Алайда, бірінші сөйлемнің аудармасын орынсыз деп санаймыз. Біріншіден, «*all dressed in white*» деген сөз тіркесінің аудармасы «*өңі қудай аппақ*» деп берілген. Жоғарыда айтып өткеніміздей қазақ тіліндегі бұл фразеологиялық тіркесін адам бірдеңеден қатты қорқып кеткенде қолданады. Екіншіден, мұндағы «*passed her*» сөз тіркесін «*қасында болған*» деп аудару арқылы қателік жіберген. Себебі мұнда «болған» емес, «өткен» болатын. Қорындылай келе, «*Қасынан аппақ киімдегі бір нәрсе өтті де, жоқ болып кетті*» деп аударуға болар еді.

Келесі талдайтын сөз тіркесіміз ағылшын тіліндегі «*silver-white*» сөз тіркесі. Байқап отырғанымыздай бұл ағылшын тілінде «*white*» сөзімен қолданатын теңеулердің бірі.

... , and just as I had dissolved so much of the silver-white foliage veiling the panes as left room to look out, I saw the gates thrown open and a carriage roll through [5; 42 б]	Мен терезе әйнегіндегі күмістей жапырақтың ортасын үрлеп ойып сыртқа енді қарай бергенімде қақпа ашылып, ішке күйме кірді [6; 36 б]
---	---

Аудармашы берілген сөз тіркесін қарапайым түрде, түсіру тәсілін қолдана отырып «*күмістей*» деп аударған. Бұл аударманы әсте қате деп айта алмаймыз. Дегенмен автор романда қолданған көркемдегіш құралдардың деңгейін теңестіру үшін аудармашы «*ақ күмістей*» деп берсе тиімдірек болар еді деп ойлаймыз.

Келесі талдайтын сөз тіркесіміз «*white lips*». Романда бұл тіркесі екі рет кездесті.

I had, again and again, held the water to Mason's white lips; again and again offered him the stimulating salts: [5; 321 б]	Мейсонның кезерген еріндеріне қайта-қайта су тосамын, мұрнына әлсін-әлсін сергітетін суды иіскете беремін. [6; 259б]
An inaudible reply escaped Mason's white lips [5; 443б].	Мейсон мырзаның бозарып кеткен ернінен түсініксіз сөз шықты [6; 358б]

Берілген сөйлемдерден көріп тұрғанымыздай мұндағы «*white lips*» сөз тіркесі «*кезерген еріндері*» және «*бозарып кеткен еріндер*» деп аударылған. Қазақ тіліндегі сөз тіркестері бейнелі түрде жақын болғанымен, біріншісінде, яғни «*кезерген еріндері*» деп

әдетте қатты шөлдеген адамның жағдайы сипатталады. Ал романда суреттелген жағдайда кейіпкер Мэйсонның халі тіпті су іше алмайтындай нашар болғандықтан, аудармашы автордың ағылшын тілінде сипаттағысы келген бейнені, қазақ тілінде керемет жеткізе білді деп санаймыз. Келесі сөйлемдегі аудармада «*бозарып кеткен еріндер*» деп берілген. Мұндағы «*боз*» сөзі қазақ тіліндегі «*ақ*» сөзінің тағы да бір атауы, яғни, ақшыл қылаң түсті білдіреді [9]. Сондай-ақ, қазақ тілінде еріндерді сипаттағанда «*шидедей еріндері*», «*қып-қызыл еріндері*» деп айтқанымызбен, «*ақ еріндер*» деген тіркесті қолданбайтындықтан, берілген «*бозарып кеткен еріндер*» тіркесі ұтымды шыққан деп санаймыз.

Келесі қарастыратын мысалымыз «*black and white*» сөз тіркесі.

...and close down by the hazel stems glided a great dog, whose <i>black and white</i> color made him a distinct object against the trees [5; 171б].	... дәл қасымдағы жаңғақ көшетінің тасасынан жүні <i>қара-ала</i> үлкен ит шыға келді [6; 138 б].
---	---

Берілген сөз тіркесінің эквиваленті «*ақ пен қара*» деген сөз тіркесі болып табылады. Алайда, ағылшын және қазақ тілдеріндегі «*ақ пен қара*» өздерінің номинативті мағынасынан басқа жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс деген астарлы мағынаны да қамтиды. Ал, «*қара ала*» тіркесі ақ не басқа түстердің қарамен араласқан түрі. Мұндағы «*black and white*» тіркесі иттің түсіне қатысты қолданылып тұрғандықтан, «*қара ала*» тіркесі арқылы берілуін дұрыс деп санаймыз.

Қорыта айтқанда, түр-түс атаулары, олармен тіркесіп келетін тұрақты тіркестер әлемдегі барлық тілдерге тән, ортақ тілдік құбылыс. Дегенмен ағылшын тіліндегі бір ғана *white* талдау барысында олардың универсалдылық қасиетімен қатар әрбір тілге тән өзіндік семантикалық ерекшеліктері бар екендігі анықталды. Сондай-ақ түпнұсқа мен аударма шығармадағы түр-түсті білдіретін лексикалық бірліктер мен тұрақты тіркестерді салыстыра қарастырудың нәтижесінде олардың кейде түсіріліп, аударылмайтындығы және бұрыс аударылатындығы айқындалды. Дегенмен ұтымды, сәтті аударылған тұстардың да баршылық екендігін жоққа шығара алмаймыз.

Академик Ә.Қайдардың басшылығымен жазылған еңбектің «Сырға толы түр мен түс» деп аталуының өзі көп нәрсені аңғартады. Түр мен түс атауларының, олардың негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестердің астарында белгілі бір ұлттың таным-түсінігі қамтылған. Сондықтан да олардың аудармада дұрыс берілуі назардан тыс қалмауы тиіс деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М., 1985. – 452 с
2. Маслова, В.А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений/В.А. Маслова. — М.: Издательский центр «Академия». 2001. — 208 с
3. Жаркынбекова Ш.К. Ассоциативные признаки цветообозначений и языковое сознание // Вестник МГУ. Филология.— 2003. — № 1. — С. 109–116.
4. Қайдаров Ә., Ахтанбердиева З., Өмірбеков Б. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 185 б.
5. Charlotte Bronte Jane Eyre. – 1847.
6. Бронте Ш. Джейн Эйр. Ауд.М.Шамұратов – Foliant баспасы,2021.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6 - том / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
9. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: "Сөздік-Словарь". 1997.- 368 б